

Мемлекеттік қызметті көрсету

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы және Көрсетілетін білім беру қызметін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 372 бұйрығы негізінде, мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау, мемлекеттік қызмет көрсету.

Мектепке дейінгі ұйымында ваучер жүйесі

Балабақшалардағы ваучер жүйесі ақша мекеменің емес, баланың артынан жүреді деп есептейді. Ата-аналар балабақшадағы орынның ақысын төлеуге арналған мемлекеттік сертификаттың бір түрі болып табылатын ваучер алады және қай балабақшаға баратынын таңдай алады. Бұл балабақшалар арасындағы бәсекелестікті ынталандырып, қызмет көрсету сапасын арттырады.

Ваучерді қалай алуға болады?

Ваучер кезекпен беріледі. Кезекті жеке кабинетте және ИНДИГО-ның басты бетінде қарай аласыз. Ваучер беру жиілігі білім беруді басқару органы жоспарлаған қаржыландыру көлеміне байланысты. Ваучер бюджетте бос ақша болған кезде беріледі.

Сіздің кезегіңіз келгенде жүйе автоматты түрде ваучер беріп, Сізге ЕД24 қосымшасына хабарландыру жібереді. Кезекке тұрғаннан кейін хабарламалардың келгенін бақылап отыру керек.

